

**Торайғыров Сұлтанмахмұт**

**Сарыарқаның жаңбыры.**— Алматы: Жазушы, 1987. I-кітап. Өлеңдер. 1987./Ред. алқасы Т. Әбдірахманов ж. б. 160 бет.


Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларының бірінші кітабына ақынның өлеңдері енгізілді.



**Еспенбетов А. Сұлтанмахмұт Торайғыров,**— Алматы: Ғылым, 1992. — 200 б.

Қазақ поэзиясындағы ірі тұлға Сұлтанмахмұт Торайғыровтың күрделі творчестволық мұрасын зерттеуге арналған кітапта күні бүгінге дейін оқырман назарынан тыс қалып келген Москва, Санкт-Петербург, Алматы, Қазан, Семей, Павлодар қалаларында сақталған архивтік деректер негізінде ақынның ғылыми өмірбаянын жазу мақсаты қойылған. Сондай-ақ С. Торайғыров жинақтарында жариялыққа шейін «ақтандақ» болып келген «Таныстыру», «Айтыс» поэмалары, біраз өлеңдері, «Жаңа кітап», «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» мақалалары тұңғыш рет талданып отыр. Көптеген жылдар аралатып қайта оралған ақын-жазушылар Ш. Құдайбердіұлы, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Дулатов шығармаларымен байланыстыра, салыстыра зерттеуге назар аударылған.

Кітап әдебиетші ғылыми қызметкерлерге, мектеп мұғалімдеріне, филология факультеттерінің студенттеріне, аспиранттарға және әдебиетті сүйетін көпшілік оқырманға арналған.



### **Торайғыров Сұлтанмахмұт**

**Алаш ұраны:** Таңдамалы шығармалары.— Алматы: Жазушы, 2002. — 152 бет.

ISBN 5-605-01859-0


«Қараңғы қазақ көгіне күн болуды» көксеген ұлы ақынның ұсынылып отырған таңдамалы өлең-дастардары бүгінгі заманда жазылғандай, өте көкейкесті көркем ойларымен баурайды.



### **Сұлтанмахмұт ТОРАЙҒЫРОВ.**

**АСЫЛ СӨЗ.** Өлеңдер мен дастандар.  
Алматы, ҚАЗАқпарат., 2005.— 117-бет.  
ISBN 9965-643-97-0

Бұл жинаққа қазақтың көрнекті ақыны С.Торайғыровтың бүгінгі жас ұрпақ та үлгі-өнеге тұтып, болашақта ел-жұртының есті азаматы болып қалыптасуына әсер-ықпалы мол өлең-жырлары мен танымдық-тағылымдық қырларымен елең еткізетін толғау-дастандары енді.



**Торайғыров С.**


**Романдар, поэмалар, өлеңдер. — Алматы: Атамұра, 2002. — 240 бет.**

ISBN 9965-05-471-1

Қазақтың аса көрнекті ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың бұл жинағына әр кезеңдегі баспа бетінде жарияланған шығармалары енгізіліп отыр. Сөз басы саналатын «Ақын тағдыры» зерттемесін академик Серік Қирабаев жазған.

Найзағайдай жарқ етіп өте шыққан ақынның философиялық терең ойға құрылған туындылары сөз қадірін сезінер қалың қауым жүрегінен орын табары хақ.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.




**Торайғыров С.** Екі томдық шығармалар жинағы. 1-т.— Алматы, 1993. 280 б.

Қазақтың ұлы ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларының екі томдық жинағының бірінші томына оның бұған дейін жарық көрген туындыларымен бірге кейінгі жинақтарына түрлі себептермен енбей келген еңбектері (мәселен «Алаш ұраны», «Айттыс», «Таныстыру» т. б.) арнайы текстологиялық жұмыстардан кейін толық күйінде беріліп отыр.

Кітап әдебиетті сүйер қауымға, ғылыми қызметкерлер мен қалың оқырманға арналған.

Кітаптың демеушісі — Павлодар қаласындағы «Манақбай Базар» шағын жеке кәсіпорны.




**Торайғыров С.** Екі томдық шығармалар жинағы. 2-т.— Алматы: Ғылым, 1993. 200 б.

Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларының екі томдық жинағының екінші томына «Қамар сұлу», «Кім жазықты» романдарымен қатар, бірқатар әңгіме, очерктері мен мақалалары, хаттары толық күйінде беріліп отыр. Сондай-ақ, бұрынғы еңбектерінде қысқартулар редакциялаулармен жарияланып жүрген бірсыпыра туындылары да осы жинаққа алғашқы нұсқаларымен салыстырыла отырып енгізілді.

Кітап әдебиетті сүйер қауымға, ғылыми қызметкерлер мен көпшілік оқырманға арналған.


Кітаптың демеушісі — Павлодар қаласындағы «Манақбай Базар» шағын жеке кәсіпорны.



**Әбілев Дихан.**

Ә 12 Сұлтанмахмұт. Роман-трилогия, бірінші кітап.  
Ақын арманы.— Алматы: «Жазушы», 1980, 304 бет.


«Ақын арманы» — жазушы Дихан Әбілевтің «Сұлтанмахмұт» трилогиясының бірінші кітабы. Автор өз шығармасына қазақтың белгілі ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмір жолын негізгі желі еткен. Жазушы XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ даласының тарихи шындығы, әлеуметтік қарым-қатынастар негізінде демократ ақынның образын жасаған.



**Әбілев Дихан.**

Сұлтанмахмұт: Роман-трилогия. Арман жолында: Роман. — Алматы: «Жазушы», 1980. Екінші кітап. — 344 бет.

«Арман жолында» — жазушы Дихан Әбілевтің «Сұлтанмахмұт» атты роман-трилогиясының екінші кітабы. Романға ақын өмірінің ең бір өзекті белбелесті кезеңі, өсу, ұлғаю шағы арқау болған. Сұлтанмахмұт — талантты ақын ғана емес, ел ісіне ерте араласқан, әділдік, теңдік жағында жүрген, халықтың сүйікті ұлы бола білген азамат.



## Әбілев Дихан.

Сұлтанмахмұт: Роман-трилогия, үшінші кітап. Баянауыл баурайында.— Алматы: Жазушы, 1980—316 бет.

«Баянауыл баурайында» — жазушы Дихан Әбілевтің Сұлтанмахмұт трилогиясының соңғы кітабы.

Автор ақын өмірінің ең бір аяулы да аянышты кезеңін, жана дәуірмен қазақ даласында қалыптаса бастаған ұлы өзгерістерді суреттейді.